

«Мемсараптама» РМК
бас директорының
04.05.2024
№143
бұйрығына қосымша

«Мемсараптама» РМК сарапшысының әдеп кодексі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сарапшының әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі – Кәсіпорын) сарапшыларының сақтауына міндетті моральдық-этикалық нормаларды, қағидаттарды және адамгершілік және кәсіптік мінез-құлық қағидаларын белгілейді..

2. Осы Кодекс ашықтықты, жариялылықты, объективтілікті қамтамасыз етуге және сарапшылардың:

- объективтілік пен тәуелсіздік, бейтараптық;
- сарапшының кәсіби құзыреттілігі мен қызметтік мінез-құлық этикасы;
- құпиялылық қағидаттарын сақтауын арттыруға арналған.

2-тарау. Объективтілік, тәуелсіздік, бейтараптық

3. Кез келген жағдайда сарапшы өзінің қадір-қасиетін сақтап, өзінің абыройын ойлауы, оның беделіне нұқсан келтіруі және шешім қабылдау кезінде оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіруі мүмкін кез келген нәрседен аулақ болуы тиіс.

4. Сарапшы өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде нормативтік құқықтық актілердің, осы Кодекстің талаптарын басшылыққа алуға, кез келген бөгде әсерге жол бермеуге, қысым мен заңсыз ықпалға, сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде шешімдер қабылдау процесіне тікелей немесе жанама араласуға, олар кімнен шықпаса да қарсы тұруға міндетті.

5. Сарапшы өзінің іс-әрекеттері мен шешімдерінде жалпы адамзаттық моральдық ережелер мен адамгершілік нормаларды ұстануға міндетті.

6. Сарапшының кәсіби қызметінің міндетті шарттары оның сатылмайтындығы, адалдығы және риясыздығы болып табылады.

7. Сарапшы өзінің кәсіби қызметінде жеке мүдделерін көздемеуі тиіс.

8. Сарапшы бейтарап болуға, өз қызметіне үшінші тұлғалардың ықпал етуіне жол бермеуге міндетті.

3-тарау. Сарапшының кәсіби құзыреттілігі және қызметтік мінез-құлқының этикасы

Өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Кәсіпорынның бейіндік бағыттағы сарапшы аттестаты бар қызметкері болып табылатын сарапшы өзіне келесі адамгершілік міндеттемелер мен әдеп нормаларын орындауды жүктейді:

9. Қазақстан Республикасының Конституциясын және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Кәсіпорын актілерін қатаң сақтау.

10. Мемлекеттік сараптаманың беделіне үнемі қамқорлық жасау және оны жан-жақты қолдау. Мемлекеттік сараптаманың тиімді жұмыс істеуіне және өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұру.

11. Кішіпейіл болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау.

12. Дұрыс қарым-қатынас жасау, дөрекілік, қадір-қасиетті қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өз әрекеттерімен және мінез-құлқымен сынға себеп бермеу.

13. Өз лауазымдық міндеттерін орындаумен байланысты даулы жағдай туындаған жағдайда сарапшы тиісті шараларды қабылдау үшін тікелей басшыға жанжал мәселесін баяндап, талқылауы тиіс.

14. Іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау, Кәсіпорын сарапшысының қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді жасауға жол бермеу.

15. Лауазымдық міндеттерін орындаумен байланысты кез келген сипаттағы заңсыз уәделер бермеу және заңсыз міндеттемелер алмау.

16. Кәсіпорын мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және оны тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін орындау үшін пайдалану.

17. Лауазымдық міндеттерін адал орындауға кедергі келтіретін заңсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді көздемеу.

18. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық жағдайларын жасау үшін кез келген әрекеттің жолын кесу.

19. Өзінің жұмысқа деген қарым-қатынасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымдағы тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдайға ықпал ету.

20. Сарапшының қызметтік міндеттерін орындау кезінде оның сыртқы келбеті Кәсіпорынның беделін нығайтуға ықпал етуі, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі тиіс.

21. Кәсіпорын сарапшылары әріптестерімен, тапсырыс берушілермен және жобалаушылармен қызметтік қарым-қатынас жасауда:

- ұжымда іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуі;

- кемсітушілік астары бар, оның ішінде нәсілдік, ұлттық, жыныстық және жас ерекшеліктеріне байланысты пікірлерден, әріптестерінің ар-намысы мен

қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан аулақ болуы;

- өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі ретінде қызмет етуі;

- Кәсіпорын қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушілік пен қолсұғушылықтың кез келген түрін болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық атмосфераны құруға бағытталған шараларды қабылдауы;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрlemeуі;

- өзінің діни нанымдарын әріптестеріне мәжбүрlemeуі, қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрlemeуі;

- сараптамаға тапсырыс берушілердің және жобалау ұйымдарының, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің құзыретіне фактілермен негізделмеген субъективті бағалау бермеуі;

- өз іс-әрекеттерімен және көпшілік алдында сөйлеген сөздерімен тапсырыс берушінің және жобалау ұйымдарының, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің беделін түсіруге ықпал етпеуі;

- сараптама барысы және оның аралық нәтижелері туралы ақпаратты бөгде адамдарға жария етпеуі;

- қоғамдық сын кезінде тапсырыс беруші мен жобалаушыны анықтайтын деректерді көрсетпей ақпарат беруге тырысуы тиіс.

22. Сарапшы өзінің кәсіби құзыреттілігінен тыс шығатын әрекеттерден бас тартуға міндетті.

23. Сарапшы істерді кәсіби құзыреттілікпен, тиімділікпен және нәтижелілікпен жүргізуге, кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне ұмтылуға міндетті.

4-тарау. Құпиялылық

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеу, құпиялылық жөніндегі талаптарды қатаң сақтау және қаралатын жобалар бойынша коммерциялық құпияны қамтамасыз ету.

25. Сарапшының Кәсіпорын басшылығының келісімінсіз жұмыстағы объектілер бойынша өтініштер, оның ішінде жария мәлімдемелер, пікірлер беруге және сөз сөйлеуге құқығы жоқ, шешімдер қабылдау және объектілерді қарау сәтінде оның қызметін жария талқылауға немесе қандай да бір бағалауға жол бермеуге және қатыспауға міндетті.


26. Сарапшы қызметтік мүдделердің, оның жұмыс берушілерінің және сарапшы еңбек және өзге де қатынастарда тұрған басқа да адамдардың мүдделерінің олардың шешім қабылдауына әсерін болғызбауға міндетті.

5-тарау. Қорытынды ережелер

27. Осы Кодекс жалпыға қолжетімді және жария құжат болып табылады және Кәсіпорынның барлық сарапшыларының оны мүлтіксіз сақтауын талап етеді.


Карагойшин Т.Д.

И.о. генерального директора




Тикибаев Е.А.

Заместитель генерального директора по производству




Баширов Р.К.

Начальник управления




Шарипова Ж.М.

Заместитель начальника управления




Оспанов Ж.К.

Руководитель комплаенс-службы



Бегалина Н.Ж.

Ведущий специалист



Кабашова Н.Б.

Главный специалист

